

Қабылдау емтиханының ұзақтығы - 4 сағат (240 минут). ОДТ (оқуға дайындық тест) блогы бірінші болып тапсырылады. ОДТ блогы аяқталғаннан кейін оқуға түсуші эссе жазу және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру бойынша блоктар тізбегін дербес таңдайды.

Докторантураға түсуге арналған ақпарат

2023-2024 оқу жылы	ДОКТОРАНТУРА
03.07.-03.08.	ҚР ҒЖБМ УТО арқылы түсу емтихандарына қатысу үшін құжаттар, өтініштер топтамасын қабылдау
01.11.- 18.11.	
04.08.-20.08.	
19.11. - 11.12.	Түсу емтихандарын өткізу күндері
Дә 28.08	
Дә 10.01	Докторантураға қабылдау



2024 жылы PhD
докторантураның Білім беру
бағдарламаларына
қабылдау келесі
сілтеме бойынша



жоо коды

012

www.ektu.kz

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

- Қазақстанның жетекші техникалық жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингте ТОП – 3-тікте (2 орын)
- U Green Metric Ranking of World Universities тұрақты даму бойынша жаһандық рейтингте ТОП-160 (105 орын)
- 350 QS Азия университеттерінің рейтингте ТОП-301
- QS Stars жаһандық рейтингте 4 жұлдыз иегері

Анықтама телефондары:

Қабылдау комиссиясы 8 (7232) 510 885
Сот.төл. 870722855012
Байл.төл. 87057002054 (Ивашенко Е.Н.)



www.ektu.kz



[abituriient_vktu](https://www.instagram.com/abituriient_vktu)



kense@edu.ektu.kz



Өскемен қ., Серікбаев к., 19.



ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ҰШІН ӨТІНІШТЕР ҰЛТТЫҚ
ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
АРҚЫЛЫ ЖОО-НЫҢ ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫМЕН
БІРЛЕСІП ЖҰРГІЗІЛЕДІ.

Докторантураға түсуге қажетті құжаттар тізімі:

- 1 ұйым басшысының атына еркін нысандағы өтініші;
- 2 білім туралы құжат (түпнұсқа + көшірме);
- 3 жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет) + көшірмесі;
- 4 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 5 № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 6 ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ)
- 7 докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттар ұсынады:
ағылшын тілі: **IELTS** Academic (International English Language Testing System Academic) шекті балл кемінде - **5,0**;
TOEFL iBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде - **35**;
TOEIC (Test of English for International Communication – шекті балл кемінде 550;
TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program), шекті балл кемінде - **417**;
Duolingo English Test пороговий балл – шекті балл кемінде 80;
Неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau B1/B1 дөңгейі);
TestDaF-Prüfung (Niveau B1/ B1 дөңгейі);
француз тілі: **TFI** (Test de Français International) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 дөңгейінен төмен емес);
DELF (Diplôme d'Études en Langue Française) – B1 дөңгейі);
DALF (Diplôme Approfondi de Langue Française) – B1 дөңгейі;
TCF (Test de connaissance du français) – B1 дөңгейінен төмен емес.
- 8 кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс параты немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;
- 9 соңғы күнтізбелік 3 жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар).

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басалғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің төст тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Компьютерлік форматта докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан тұрады:

- 1 оқуға түсушімен ЖОО-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;
- 2 эссе жазудан;
- 3 докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден;
- 4 білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.